

«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

***Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №1***

**Тобы: «Балдырған» ересек тобы
Тәрбиеші: Абдикадирова Г.Д.**

Ахметова А.С.

2021-2022жыл

Хаттама №1

Түркістан қаласы

12.09.2021 жыл

Қатысқаны: 11

Қатыспағаны: 14

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

- 1.Танысу.Топпен,топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
- 2.3-4 жас топ бағдарласымен таныстыру.
3. оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Келісім шартқа отыру.
5. Ата-аналар төрайымын сайлау.
6. Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар.

Тыңдалды:

1.Ата-аналар жиналысын меңгерушісі Алма Анарбайқызы ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі.Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыптастыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады,яғни таңертеңгілік жаттығу,таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы,ұйқыдан ояну, бесінді асы,ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады.Бұл топ балалары 3 пен 4 жас аралығында болғандықтан, яғни «Балдырған» тобы.Тәрбиешісі Абдикадирова Гаухартас.

2. Тәрбиеші Абдикадирова Г.ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды. Бұл топта 11 сағат ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өтеді, 1 сағат вариативтік компонент түрінде алып отырмыз.

3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығы 15-20 мин. Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, айналамен таныстыру, Орыс тілі, бейнелеу өнері (мүсіндеу, сурет, жапсыру), құрастыру, Қарапайым математика, Қоршаған орта, экология, валеология, дене шынықтыру, вариативтік оқу іс-әрекеттер түрлері Сиқырлы математика, Қол еңбегі, бала тілін дамыту өтіліп отырады. Мерекелік ертеңгілігіміз өтіліп отырады. Мерекеде, әуез, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жүргізіледі. Және де әр мереке сайын балаларға тақпақтар, өлеңдер, билер үйретіледі. Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп жіберіп отырасыздар және де келіп көрулеріңізге де болады. Әр ата-ана өз пікірін айтты.

4. Ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт балабақшаға келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға ғана жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті. Әр айдың 10-на дейін балаларыңыздың тамақтануына төлемақыны уақытылы төлеп қоюға міндеттісіздер дей келе, ата-анаға балаларын балабақшаға 8.30-ға дейін әкеліп, кешкі сағат 18.00-ге дейін алып кетулерін, және де баланың үстін таза етіп әкелулерін ескертті.

5. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді.

6. Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Олар: ата-ана комитетінің төрайымы:

Мүшелері: Қожахметова Айнұр

Нұрханова Райхан, Назарқұлова Мөлдір, Кеңесбекова Гүлсара.

Жиналыс қаулы етті:

1. Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын.
2. Келісім шарттың барлық шарттары орындалсын.
3. Балабақша іс шараларына әр бала уақтылы қатыссын.

Хатшы: : Нұрханова Райхан

Төрайымы: Назарқұлова Мөлдір

«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

***Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №2***

**Тобы: «Балдырған» ересек тобы
Тәрбиеші: Ахметова А.С.**

Абдикадирова Г.Д.

2021-2022жыл

Хаттама №2

Түркістан қаласы

12.12.2021 жыл

Қатысқаны: 12

Қатыспағаны: 13

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы І тоқсанның балалардың алған білімі мен кемшіліктері. Мониторинг.
2. «Төрле-төрле Жаңа жыл!» мерекесі.
3. Ата-аналарға арналған тест

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын Гульшат Үсенқызы ашып, ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, жаңа жыл жаңа қуанышымен келуін тіледі.

Меңгеруші ата-аналарға балабақшаның күн тәртібін еске сала отырып, осы күн тәртібін қатаң түрде сақтауын өтінді. Яғни, балаларыңызды таңертеңгілік сағат 9-ға дейін алып келіп, таңғы жаттығуға қатыстыру керектігін айтты. Таңертеңгілік сағат 9-дан кешіккен баланы қабылдай алмаймыз деп ескертті, себебі әр топта 9-дан 10-20 минут кеткенде оқу іс-әрекеттері басталуы тиіс.

Топ тәрбиешісі Абдикадинова Г. топтағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті. Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айтты. Көптеген балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін, Әріптерді танып, оны оқып жазуды үйрене бастағандарын айтты. Топ тәрбиешісі ата-аналарға қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Топ тәрбиешілері балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздарын ойласа келіп шешіп, ата-аналар комитетіне сеніммен тапсырды.

Тәрбиешілер ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Мүшелері: Назарқұлова Мөлдір
Керімбекова Гүлжайна, Кеңесбекова Мөлдір.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.

Хатшы: Керімбекова Гүлжайна
Төрайымы: Назарқұлова Мөлдір

«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

***Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №3***

**Тобы: «Балдырған» ересек тобы
Тәрбиеші: Ахметова А.С.**

Абдикадирова Г.Д.

2021-2022жыл

Хаттама №3

Түркістан қаласы

16.02.2022 жыл

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 7

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІ тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг.
2. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
4. «Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері аналарды, әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады.Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші Абдикадирова Гаухартас балалардың ІІ тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өз еркімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді.Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Тақпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілері ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы -наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті.

8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап косюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Армысың Өз-Наурыз» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті. Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді. Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. «Алғашқы ұстаз - ата-ана» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші ата-аналарға «Алғашқы ұстаз – ата-ана» баяндама оқып берді.

Мүшелері: Назарқұлова Мөлдір
Керімбекова Гүлжайна, Назарқұлова Мөлдір.

Қаулы:

1. Топ балаларымен одан әрі қарай да жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін

Хатшы: : Назарқұлова Мөлдір
Төрайымы: Керімбекова Гүлжайна

«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

***Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №4***

**Тобы: «Балдырған» ересек тобы
Тәрбиеші: Абдикадирова Г.Д.**

Ахметова А.С.

2021-2022жыл.

Хаттама №4

Түркістан қаласы

16.05.2022 жыл

Қатысқаны: 22

Қатыспағаны: 3

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІІ тоқсанның жетістігі және кемшілігі. Мониторинг.
2. Жазғы демалысқа дайындық
3. «Гүл шоғы» тренинг

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі Назарбаева Жазира Әлібекқызы ата-аналарды балалардың бір жыл бойғы алған білімдері туралы қорытындылады. Балалар балабақшадан көп нәрсені үйренді.

Табиғатта өзін-өзі ұстау қарапайым мінез-құлық дағдыларын меңгерді, яғни көгалды таптамау, ағаш бұтағын сындырмау, гүлді жұлмау. Сөйлеу барысында әдептілік сақтайды. Өзінің сүйікті ертегілері мен әңгімелерін айтады. Ортаңғы сұрақтарына толық жауап береді. Үстел басында өзін-өзі ұстау қарапайым ережелерін орындайды. Жақын адамдарына көмектесіп, қол ұшын беруді үйренді. Ата-аналардың пікірі тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі ата-аналарға жазғы демалыс туралы айтты. Балабақша жазғы күндері де жұмысын тоқтатпайды, жазда балалар көп уақытын серуенде өткізеді, сол себепті басына жазғы қалпақтары болсын. Жазда шынықтыру жұмыстары және іс-шаралар өткізіледі. Жазғы айларда балаларына демалыс алуларына да болатынын ескертті.

Үшінші тәрбиеші ата-аналармен «Гүл шоғы» деп аталатын тренинг өткізді. Тренингте ата-аналарға кішкене гүл шоқтары

таратылып берілді, ата-аналар өздерінің гүл шоғына балабақшаға деген тілектерін, алғыстарын жазып, оны тақтада тұрған құмыраға әкеп жапсырды. Ең соңында, ата-ана мен тәрбиешінің біріккен жұмысының нәтижесі ретінде үлкен бір «Гүл шоғы» пайда болды.

Мүшелері: Қырықбаева Сымбат
Керімбекова Гүлжайна, Назарқұлова Мөлдір.

Қаулы:

1. Балалар жазғы маусымға сай киіндірілсін.
2. Балалар балабақшадан себепсіз қалдырылмасын.

Хатшы: Назарқұлова Мөлдір
Төрайымы: Керімбекова Гүлжайна